

## **Жаңа экономикалық жағдайда мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 тамыздағы N 1277

Жаңа экономикалық жағдайда жеке адамдардың тұрғын үй сатып алуы, тұрғын үй құрылысын ынталандыру үшін банктік несиелендірудің көлемін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес жеке адамдарға тұрғын үй құрылысын салуға және тұрғын үй сатып алуға берілетін ипотекалық несиелерді кейін республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қайта қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді конкурстық іріктеуді жүргізу жөнінде комиссия (бұдан әрі - комиссия) қосымшаға сәйкес құрылсын

Комиссия қайта қаржыландырудың арнаулы шарттарын мынадай негізгі принциптердің негізінде айқындайды:

екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген олардың сенімділік өлшемдеріне сүйене отырып және олар АҚШ долларына бара-бар есептелген, жылына 12 проценттен аспайтын проценттік ставкалар бойынша кемінде үш жыл мерзімге ипотекалық несие берген жағдайда, Қаржы министрлігі жүзеге асырады;

жекелеген банкке бөлінетін қаражат лимиті мен осы банк өз ресурстарының есебінен өткен жылы (кезеңде) берген ипотекалық несиелер көлемі арасында тікелей тәуелділік болады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

мемлекеттік банктер арқылы екінші деңгейдегі банктермен несиелік шарттар жасауды және тұрғын үй құрылысына және 1998 жылға арналған республикалық бюджет бекітілгеннен кейінгі 10 күндік мерзім ішінде тұрғын үй сатып алуға олар берген несиелерді қайта қаржыландыру жөнінде операциялар жүргізуді қамтамасыз етсін;

1998 жылдан бастап республикалық бюджеттің жобаларында екінші деңгейдегі банктердің тұрғын үй құрылысын және жеке адамдардың, құны бойынша 40-50 млн, АҚШ долларына бара-бар тұрғын үй сатып алуын несиелендіруіне арналған қаражат көздесін;

бір ай мерзім ішінде жеке адамдарға үш жылдан астам мерзімге өз мұқтажы үшін тұрғын үй сатып алу және тұрғын үй салу үшін берілген ипотекалық несиелер бойынша алынған проценттер бойынша табысқа салық салудан банктерді босату бөлігінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

1997 жылдың 1 қазанына дейін мерзімде мемлекеттік кәсіпорындар мен коммерциялық құрылыс салушылар функциясы бар басқа ұйымдардағы коммерциялық құрылыс салушылар функциясы бар басқа ұйымдардағы мемлекет үлесін жекешелендіруді аяқтасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі:

1997 жылдың 1 қазанына дейін мерзімде "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

1997 жылдың 15 қазанына дейін мерзімде жаңа экономикалық жағдайда тұрғын үй саясатын жүзеге асыру тетігі жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттардың пакетін әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі 1997 жылдың 15 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

инженерлік инфрақұрылым құруда және тұрғын үй салуда коммерциялық құрылыс салушылардың қызметін жүзеге асыру үшін қажетті лицензиялар алудың тәртібін оңайлату;

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша тұрғын үй құрылысын салу және республикада инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін тікелей инвестицияларды және халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1997 жылдың 1 қарашасына дейін мерзімде құрылыс салушылар үшін олар мен жергілікті атқарушы органдар арасында коммуналдық, энергетикалық, көліктік және басқа да инженерлік инфрақұрылымдар жасау жөніндегі функциялар мен міндеттердің шегін ажырата отырып, конкурстық негізде тұрғын үй салуға жер учаскелерін бөлу жөніндегі бағдарламаларды әзірлеп, қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1997 жылғы  
22 тамыздағы  
N 1277 қаулысына  
қосымша

Жеке адамдарға тұрғын үй құрылысын салуға және

тұрғын үй сатып алуға берілетін ипотекалық несиелерді  
кейін қайта қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі  
банктерді конкурстық іріктеу жөніндегі  
КОМИССИЯ

Дәмитов К.К. - Қазақстан Республикасының Экономика  
және сауда вице-министрі, комиссия  
төрағасы

Комиссия мүшелері:

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасының Қаржы  
вице-министрі

Аханов С.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
төрағасының орынбасары (келісім  
бойынша)

Сәметова З.Д. - Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Кеңсесінің Үкімет  
шешімдерін әзірлеуді үйлестіру  
бөлімінің сектор меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК